

Ленин жұл

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 46 (7006)

Сәрсенбі 7 Март 1945 жыл

Шығуына 27-ші жыл
Жеке саны 20-тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

**1-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы ЖУКОВҚА**
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник МАЛИНИНГЕ

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, бүгін, 5 мартта, қатынас жолдарының маңызды тораптары және немістердің ШТЕТТИН бағытын дағы қорғанатын қуатты тіректі бекіністері—ШТАРГАРД, НАУГАРД, ПОЛЬЦИН қалаларын алды.

ШТАРГАРД, НАУГАРД, ПОЛЬЦИН қалаларын алу ұрыстарында генерал-полковник БЕЛОВТЫҢ, генерал-лейтенант ПУЛКО-ДМИТРИЕВТЫҢ, генерал-майор СЯЗОВТЫҢ, генерал-майор ВЕРЖИЦКИЙДЫҢ, генерал-лейтенант ХАЛЮЗИННЫҢ, генерал-лейтенант КАЗАНКИННЫҢ, полковник СЕРЕГИННЫҢ, полковник СЕЛЮКОВТЫҢ, генерал-майор ВЛАДИМИРОВТЫҢ, полковник МОЩАЛКОВТЫҢ, полковник МАСЛОВТЫҢ, генерал-майор МАКАРОВТЫҢ, полковник МАЛЫКОВТЫҢ, генерал-майор ГОРИШНИЙДЫҢ, полковник АНДОНЬЕВТЫҢ, генерал-майор КОЗИННЫҢ, генерал-майор ШАФАРЕНКОНЫҢ, генерал-майор СМЕРНОВТЫҢ әскерлері; генерал-лейтенант КОНСТАНТИНОВТЫҢ, генерал-лейтенант КРЮКОВТЫҢ, генерал-майор ЯГОДИННЫҢ, генерал-майор МИЛЛЕРОВТЫҢ, генерал-майор КУРСАКОВТЫҢ атты әскерлері; артиллерия генерал-майоры ЕГОРОВТЫҢ, полковник ПУХОВТЫҢ, полковник ВАХРОМЕЕВТЫҢ, полковник МАЛОВТЫҢ, полковник АРУТЮНЯННЫҢ, полковник КАРЕЛИННЫҢ, полковник ПОНОМАРЕНКОНЫҢ, полковник НЕБОЖЕНКОНЫҢ, полковник ЕФРЕМЕНКОНЫҢ, полковник ИВАНОВТЫҢ, артиллерияшылары; танк әскерлерінің генерал-полковнигі БОГДАНОВТЫҢ, генерал-лейтенант РАДЗИЕВСКИЙДЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры ИВАНОВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты КИРИЧЕНКОНЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры РЕДЕНЕЕВТЫҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры ТЕЛЯКОВТЫҢ, полковник ЕРЕМЕЕВТЫҢ, полковник КУЗНЕЦОВТЫҢ, подполковник СЕКУНДАННЫҢ, полковник БАРАНОКОВТЫҢ, полковник ШЕМЯКИННЫҢ, полковник ЧЕРЯПКИННЫҢ, полковник ПОТАПОВТЫҢ, полковник ШАМАРДИННЫҢ, полковник КОПЫЛОВТЫҢ, полковник АБРАМОВТЫҢ, подполковник МАКАРОВТЫҢ, полковник ПОЛЛУШКОНЫҢ, полковник ОХМАНЫҢ, полковник ТАРАСОВТЫҢ, подполковник КУЗИННЫҢ, майор ВИНОГРАДОВТЫҢ, подполковник РУМЯНЦЕВТЫҢ, танкиштері; полковник ФЕДОРЕНКОНЫҢ, полковник СУХОМБОВТЫҢ, полковник КАРЯГИННЫҢ, полковник МИРОНОВТЫҢ, полковник КОВАЛЕВТЫҢ, полковник ИСАЕВТЫҢ, полковник РАССКАЗОВТЫҢ, полковник МАЛИНИННЫҢ, ұшқыштары; подполковник КОЗЛОВТЫҢ, майор КОТОВТЫҢ, капитан АБРАМОВТЫҢ, майор ШКАРИННЫҢ, майор НАУМОВТЫҢ саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-майоры ЛИТВИНЕНКОНЫҢ, майор ХОТЬКОНЫҢ, майор КОРСУННЫҢ, майор РОМАНОВСКИЙДЫҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, ШТАРГАРД, НАУГАРД, ПОЛЬЦИН қалаларын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 5 мартта, 21 сағатта Отаным ыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, аталған қалаларды алған 1-БЕЛОРУС майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ШТАРГАРД, НАУГАРД, ПОЛЬЦИН қалаларын алу ұрыстарына қатысқан, Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

**Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.**

1945 жылғы 5 март.

№ 290.

Облыстық VII партия конференциясы

5 март күні кешке облыстық драма театрында облыстық VII партия конференциясы ашылды. Конференцияның президентіне ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретарі Яковлев, Малинин, ҚК(б)П обкомінің секретарлары Нечаев, Нонин, Пилигун, облыстық совет атқомінің председатели Мустафин, ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің секретарі Суринов, ҚК(б)П Совет аудандық комитетінің секретарі Абдрахманов, ҚК(б)П Полудень аудандық комитетінің секретарі Дворников, партия бақылау комиссиясының Солтүстік Қазақстан облысындағы өкілінің орын

басары Буценец тағы басқа жолдастар сайланды.

Хұрметті президиум сайлау жөніндегі ұсынысты конференция делегаттары дуқол шапалақтан зор ықпалмен қарсы алды.

Большевиктер партиясы мен совет мемлекетін ұйымдастырушы және совет халқы мен батыр Қызыл Армиямыздың тарихи ұлы жеңістеріне рух беруші сүйікті көсеміміз, данышпан ұстазымыз Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы Кемелгер Сталин жолдастың есімі (Жалғасы 2-бетте).

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 5 мартта, қатынас жолдарының маңызды тораптары және немістердің ШТЕТТИН бағытын дағы қорғанатын қуатты тіректі бекіністері—ШТАРГАРД, НАУГАРД, ПОЛЬЦИН қалаларын алды.

Батыр Қызыл Армия жауынгерлерінің даңқы арта берсін!

Совет Хабаршы бюросынан

5 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

5 мартта КЕНИГСБЕРГТІҢ оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстары нәтижесінде КОРШЕЛЬКЕН, КУЛИАРБЕН, БЕНКЕНВАЛЬДЕ, ШТРАУБЕН, ХИРГИФЕЛЬД қыстақтарын алды.

ДАНЦИГТІҢ оңтүстік және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ВИЗЕНВАЛЬД, ЛЮБИХОВ, ШТУДЗЕНИЦ, ГУРКИ, ЛЕСНО, КРУШИН, ЛИПНИЦ, ВОРЦИСКО-ВО қыстақтарын ұрыспен алды.

Пемеранияда, КЕЗЛИН қаласының солтүстік-шығыс және оңтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, 80ден аса елді жерлерді, оның ішінде ВИЗЕНТАЛЬ, ДАМЕРОВ, ЧУХЕН, ДАТЦИГ, НЕДЛИН, ГРОСС, ТИХОВ, ГРОСС-КРЕССИН үлкен қыстақтарын ұрыспен алды.

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 5 мартта, қатынас жолдарының маңызды тораптары және немістердің ШТЕТТИН бағытындағы қорғанатын қуатты тіректі бекіністері—ШТАРГАРД, НАУГАРД, ПОЛЬЦИН қалаларын алды, сол сыяқты 150ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде КЛОТЦЕН, КОЛЛАТЦ, НОЙВУРОВ, ЖЕШЕНДОРФ, БРИЗЕН, ЗИММАТЦИГ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды.

Чехословакия жерінде ЛУЧЕНЕЦ қаласының батыс жағында әскерлеріміз Карпат өңірінде шабуыл жасай отырып, ПЛЕШОВЦЕ, БЗОВСКОЛЕГОТКА, КРУПИНА, АКТОЛ, ИЛИЯ, ВИСОКА, РУДНО, НАД ГРОСН қыстақтарын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

4 мартта барлық майдандарда немістердің 70 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 15 самолёті атып түсірілді.

* * *

Шығыс Пруссияда, Кенигсбергтің оңтүстік-батыс жағында П. құрамасының бөлімдері түнгі ұрыста дұшпанның қатыс қарсылығын жеңіп, Нортелькен күшті тіректі бекінісін алды. Немістер жағдайды қалпына келтіруге тырысып, 11 рет қарсы атака жасады, алайда олар құрылым тасталды. Екінші бір бөлімдеріміз миға қойылған аландардан өтіп, қауырт шабуыл жасады, сөйтіп гитлершілерді Браунсберг қаласының оңтүстік-шығыс жағында 11 километр жердегі Штраубен қыстағынан түріп шығарды. Дұшпанның 8 зеңбірек, 40 пулемет және басқа олжа қолға түсірілді. 250ден аса неміс қолға түсірілді.

Авиациямыз дұшпанның Шығыс Пруссиядағы әскер тобының әскери сапы мен тылына тікелей бомба тастап, соққы берді. Әуе ұрыстарында совет ұшқыштары немістердің 5 самолётін атып түсірді.

* * *

Данцигтің оңтүстік және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басуда болды. П. құрамасының бөлімдері бірнеше елді жерлерді, оның ішінде дұшпанның ірі тіректі бекінісі—Любихов қыстағын алды. Хойнице қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз орманды-көлді жерлердің қиын жағдайында ұрыстар жүргізді. Немістер қалалық аралық тарыла салып қалалық бекіністеріне сүйеніп, совет бөлімдерін тоқтатуга тырысты. Жауынгерлеріміз орағыта әдіс жасай отырып, жаудың бекіністерін жоюда, сөйтіп батыл алға басуда. Бютов қаласының оңтүстік жағында 19 километр жердегі Липниц қыстағы алынды. Совет әскерлерінің берген соққысы астында дұшпан кері шегініп бара жатып, адам күші мен техника жағынан орасан көп шығынға ұшырауда. Бір күнгі ұрыстарда немістердің 2000дай солдаттары мен офицері жойылды.

* * *

1-Белорус майданының әскерлері ойдағыдай шабуыл жасауда болды. Совет жаяу әскерлері, танкішілері мен атты әскерлері, артиллерия мен авиацияның көмегімен дұшпанға еселен соққы беруде. Немістердің көптеген құрамалары

талқандалып, жойылуда. Совет атты әскерлері шабуыл жасау нәтижесінде тас жолдар мен темір жолдардың маңызды торабы—Польцин қаласын алды. Екінші бір бөлімдеріміз немістерді күшті тіректі қорғану бекінісі—Наугард қаласынан қуып шығарды. Штаргард қаласы үшін кескілескен ұрыстар болды. Немістер қатынас жолдарының маңызды торабы және Штеттиннің кіре беріс іргелеріндегі қуатты тіректі бекініс болған бұл қалаға ерекше маңыз берген болатын. Дұшпан Штаргард ауданына асығыс түрде тұңғыш күштер әкеліп, әлде неше рет жаңталаса қарсы атака жасады. Совет әскерлері жаудың қарсы атакаларын тойтарып, Мадзее өзені бойымен алға басты. Немістердің Штаргардтағы гарнизонына қоршауда қалу қаупі туды. Жаяу әскерлеріміз бен танкішілеріміз тіке шабуылға шығып, кескілескен көше ұрыстары нәтижесінде 5 темір жол мен көптеген тас жолдардың торабы—Штаргард қаласын алды. Немістер тек әлдей ғана 1000дан аса солдаттары мен офицерінен айырылды. Дұшпанның 25 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі, 17 бронетранспортері тағы басқа техникасы жойылды.

* * *

Чехословакияда, Лученец қаласының батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді. Совет бөлімдері тау асуларының ыдырайымен алға баса отырып, немістердің қорғанатын ірі тіректі бекінісі—Плешовцені солтүстік-батыстан және оңтүстік-батыстан қоршап алды. Әскерлеріміз жауға үш жақтан соққы беріп, оның гарнизонын талқандалды, сөйтіп Плешовцені алды. Немістердің 8-жеңіл жаяу әскер дивизиясының бөлімдері орасан көп шығынға ұшырап, Крупина өзенінің сыртына қарай тозығындай кері шегінді. Жауынгерлеріміз жаудан 2 танк пен өздігінен жүретін бір зеңбірек және оқ-дәрі қойған 4 склад қолға түсірді. Екінші бір учаскеде Крупина темір жол станциясы мен үлкен қыстағы алынды. Совет бөлімшелері ұрыс жүргізу үшін қолайлы Ситко қаласын тіке шабуылмен алып, Банека Штявница қаласының жадын іргелеріне жетті.

ОБЛЫСТЫҚ VII ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

(Бағы 1-бетте).

Аталғанда конференцияға қатысушылар орындарынан тұрып, ұзақ уақыт ду қол шапалақтаумен зор хұрмет көрсетті.

Конференцияның хұрметті президиумына партия мен үкмет басшылары, кеменгер көсеміміз Сталин жолдастың даңқты серіктері Молотов, Калинин, Ворошилов, Андреев, Каганович, Микоян, Жданов, Хрущев, Маленков, Шверник, Боря Вознесенский, Щербанов жолдастар сайланды. Сүйікті көсеміміз Сталин жолдастың сенімді серіктерінің есі аталғанда делегаттар ду қол шапалақтап зор хұрмет көрсетті.

Бұдан кейін, КК(б)П облыстық комитетінің секретарі Нечаев жолдас облыстық партия комитетінің VI партия конференциясынан VII конференцияға дейінгі уақыт ішінде істеген жұмысы жөнінде есепті баяндама жасады.

Осымен конференцияның алғашқы мәжісі аяқталды.

6 МАРТТАҒЫ ТАҢЕРТЕНГІ МӘЖЛІС

Облыстық партия конференциясының 6 март күнгі таңертеңгі мәжілісінде Нечаев жолдастың есепті баяндамасы бойынша жарыс сөз басталды.

Жарыс сөзде КК(б)П Октябрь аудандық комитетінің секретарі Васильченко, Суворов МТСның директоры Слазнев, облыстық «Ленинское знамя» газетінің редакторы Кияница, КК(б)П Булаев аудандық комитетінің секретарі Жанғазин, облыстық соғыс комиссариатынан Голосов, Совет ауданының Киров атындағы колхозының председатели Мүрсәлімов, Мамлют МТСның директоры Бурналов, Петропавл қаласындағы Теміржол аудандық партия комитетінің секретарі Манаров, Торанғұл мал совхозының директоры Сқаков, Преснов ауданындағы Баян МТСның директоры Бунников, Октябрь аудандық совет аткомінің председатели Құрманов, КК(б)П обкомі секретарінің жергілікті өнеркәсіп жөніндегі орынбасары Толмачев, облыстық астық дайындау мекемесінен Зайцев, КК(б)П обкомі секретарінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Ташенов, Сартомар МТСның директоры Величко, астық совхоздары облыстық тресінің директоры Савицкий жолдастар сөз сөйледі.

Таңертеңгі мәжілісте мандат комиссиясының председатели Козин жолдас баяндама жасады. Конференция делегаттары мандат комиссиясының баяндамасын бір ауыздан бекітті.

Осымен таңертеңгі мәжіліс аяқталды.

Жоспар орындалды

Полудень ауданындағы өндіріс комбинатының коллективі февраль айының өндірістік жоспарын біржарым есе артығымен орындады.

Тері илеу цехының жұмысшылары майдан талабына сай жұмыс істеп, февраль айының өндірістік жоспарын даңқты Қызыл Армияның 27 жылдық мерекесіне дейін 200 процент орындады, сөйтіп комбинатта бірінші орынға ие болды.

Пима басушылар цехының коллективі барлық мүмкіншілікті пайдаланып, қажірлі еңбек істеді. Соның нәтижесінде күнделік тапсырманы 120—150 процентке дейін орындады. Цех стахановшылары Даюков, Бурдина жолдастар жұмыс мөлшерін әрдайым артығымен орындап жүр.

Бұл жарыстан аяқ киім тігетін цехтың жұмысшылары да қалысатын емес. Цех коллективі Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдастың батыр Қызыл Армияның 27 жылдығы туралы бұйрығына өндірістік жаңа табыстарға жетумен жауап беру үшін стахановтық вахтаға тұрып, күнделік тапсырманы бір жарым есе орындайды.

А. СЕИТЕНОВ.

Солтүстік Қазақстан облысының Киров атындағы астық совхозы жұмысшыларының, мамандары мен қызметшілерінің Қазақ ССР совхоздарының барлық қызметкерлеріне ҮНДЕУІ

Қымбатты жолдастар! Бүкіл ұлы халқымызбен бірге қуанышты күндерді бастан кешірудеміз. Советтер Одағының Маршалы кеменгер Сталиннің данышпандық басшылығы арқасында батыр Қызыл Армиямыз еліміздің шебінен неміс басқыншыларды қуып шығарды, сөйтіп қазір фашист аюаның өз үңгірінде—Германия жерінде шабуылды ұрыстар жүргізуде.

Істеген жауыздығы үшін сойқаншылардан кек алу сағаты жақындап келеді. Берлин үстінде жеңіс туы тігілетін кезек алыс емес.

Батыр Қызыл Армия одақтастарымыздың Армияларымен қол ұстаса отырып, бостандық сүйгіш барлық адамзаттың қас жауы — фашизмді біржолата талқандайды.

Қаһарман Қызыл Армиямыздың жеңімпаздық шабуылымен рухтанған біз мемлекетке егін және мал шаруашылығы өнімін еселеп мол беру үшін аянбай күш жұмсаймыз. Соғыс уақытының қызылшылықтарын жеңе отырып, 1944 жылы біз астық тапсыру жоспарын 29 процент, сүт тапсыру жоспарын 25 процент артығымен, ет тапсыру жоспарын мезгілінен бұрын толық орындадық. Мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын ірі қара мал жөнінен 8,1 процент, шошқа жөнінен 83 процент артық орындадық.

Жолдастар, Қазақстан совхоздарының

жұмысшылары, жұмысшы әйелдері, мамандары мен қызметшілері! Гитлер Германиясын жеңетін күніміз жақын бірақ, жеңіс өздігінен келмейді, оған майдандарда ауыр ұрыстарда және тылда қажырлы зор еңбек арқылы қол жетеді.

Қазақстан еңбекшілері 1945 жылдың аяқ шенінде даңқты мереке—Қазақ Советтік Социалистік Республикасының 25 жылдығын мейрамдайды. Бұл пәтша мен бай-құлақтардың озбырлығынан Октябрь социалистік революциясы азат еткен қазақ халқының зор сәйтанаты.

Республикамыздың даңқты мерекесі Қазақстанның халық шаруашылығының барлық салаларында жаңа өндірістік табыстармен мерекеленуге тиіс.

Ірі ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастырып, жүргізудің үлгі-өнегесі болуға тиіс совхоздар мерекені совхоз даласында егіннен өрекше мол өнім алумен және мал шаруашылығы өнімін негүрлым арттырумен қарсы алуға тиіс.

Қазақ ССРның 25 жылдығы мерекесін лайықты қарсы алуға және майданға ауыл шаруашылығы өнімін негүрлым мол беруге ынталанған біз, Киров атындағы совхоздың қызметкерлері Алматы облысындағы Алматы ауданының Калинин атындағы колхозы колхозшыларының үлгісі бойынша, бүкілхалықтық социалистік жарысқа қосылып, өзімізге бірауыздан мынадай социалистік міндеттемелер аламыз:

I. ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕ

1. Дәнді егістің әр гектарынан 20,5 центнер, мал азығындық жеміс тамырлы егіс гектарынан кемінде 100 центнер, овощ-бақша егісінің гектарынан кемінде 120 центнер өнім аламыз.

2. 1946 жылдың егісіне керекті жоғары сапалы сортты тұқыммен қамтамасыз боламыз, тұқымдық егіс учәскесін жақсы жерге орналастырамыз.

3. Бөктемгі дәнді егісті 20 күн мерзімнен кешіктірмей агротехникалық жағынан жоғары дәрежеде өткіземіз, жазғы маусымда егістің арам шөбін кемін-

де 2-3 рет отаймыз.

4. Дәнді егінді 30 жұмыс күні ішінде ысрапсыз жыйнап аламыз.

5. 25 жылдық мереке күніне дейін мемлекетке астық тағы басқа егіс өнімін тапсыруды аяқтаймыз.

6. Пар жырту жоспарын 1 июльге дейін орындап, бүкіл жаз бойына оны таза ұстаймыз, зябь жырту жоспарын республиканың 25 жылдығы мерекесіне дейін орындаймыз.

7. 5 гектар алаңға жеміс бағын саламыз.

II. МЕХАНИЗАЦИЯ ЖӨНІНДЕ

1. Тракторлар мен барлық тіркеу саймандарын жөндеу жұмысын 1945 жылғы 1 мартқа дейін, комбайн жөндеуді 1945 жылғы 20 июньге дейін аяқтаймыз.

2. Тракторлар мен комбайндардың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, 15 аттың күші бар әрбір трактормен кемінде 400 гектар жер жұмыстап, 15 футты

комбайнмен кемінде 300 гектар егін жыйнаймыз.

3. Ел хажеті үшін жанармайдың кемінде 10 процентін үнемдейміз.

4. Жұмсақ жерге айналдырғанда жыртылған жердің әрбір гектарының түсер бағасын 5 процент кемітеміз.

III. МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕ

1. Мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын ірі қара мал жөнінде 6 процент, шошқа жөнінде 50 процент артық орындаймыз.

2. Мал шағылыстыру жоспарының дер кезінде орындалуын қамтамасыз етіп, төлдейтін малдың қысыр қалуын толық жоямыз.

3. Әрбір 100 сыйырдан кемінде 80 бұзау, әрбір 100 биеден 60 құлын және әрбір мегежіннен 12 торай алып өсіреміз.

4. Жазғы жайлымға шыққанға дейін түлікті мал дәрігерлік орнының қарауынан өткіземіз.

5. Малды жақсы бағып, азықтандыру арқылы оның өнімділігін арттырамыз, сөйтіп әрбір сауын сыйырдан кемінде 1300 литр сүт аламыз, мемлекетке ет тапсыру есебіне берілетін малдың 75 про-

центінің семіз және қонды болуын қамтамасыз етеміз.

6. Пішен шабу жұмысын егін орағы жаппай басталғанға дейін аяқтаймыз, мал азығын дайындау жоспарын кемінде 130 процент орындап, керекті жай азықтың кем дегенде 80 процентін мал қыстату басталғанға дейін қыстау қасына тасып аламыз.

7. Барлық мал қораларын жөндеуді 1 октябрьге дейін аяқтаймыз.

8. Мемлекетке мал шаруашылығы өнімінің барлық түрін тапсыру жұмысын 25 жылдық мерекені мейрамдау күніне дейін аяқтаймыз.

Өзімізге бұл міндеттемелерді алумен қатар, біз барлық егін және мал шаруашылығы бригадалары мен звенолары арасында социалистік жарысты кеңінен өріс

тетеміз. Барлық жұмысшылар, жұмысшы әйелдер, тракторшылар, комбайншылар, мал өсірушілер мен мамандар дербес нақтылы міндеттемелер алып, жұмыста жақсы нәтижелерге жету жөнінде өзара жарысқа түседі.

Біз Қазақ республикасы совхоздарының жұмысшыларын, жұмысшы әйелдері мен қызметшілерін Қазақ ССРның 25 жылдығы хұрметіне социалистік жарысты өрістетіп, даңқты мерекені барлық өндіріс жоспарларын асыра орындаумен, мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімін мерзімінен бұрын тапсырумен қарсы алуға шақырамыз.

Майдан мен елімізге астықты, етті, сүтті тағы басқа азық-түлікті еселеп мол берейік, сөйтіп мұнымен шабуылдары Қызыл Армияға көмегімізді күшейте түсейік, жеңіс сағатын жақындата түсейік!

Даңқты Отанымыз жасасын!

Жеңімпаз Қызыл Армиямыз жасасын! Қазақ ССР жасасын!

Көсеміміз және ұстазымыз кеменгер Сталин жасасын!

Үндеуге қол қойғандар: Совхоз директоры БОГИНИЧ, аға агроном КРИ-

ГОР, аға механик БЫЧЕНКО, аға зоо-

техник АЛЕКСЕЕВА, аға мал дәрігері

ЗАЧИННИНА, мал дәрігері үххигі ПО-

РОТИКОВ, бөлімше басқарушылары

РАКЫМБЕРДИНОВ, САДАСЮК, ФЕДОСЕН

НО, товарлы сүт фермасының басқару-

шылары: КНЯЖКО, бөлімше механик

тері: СОЛМОВ, МҰҚАШЕВ, РЫЖИК,

БАСОВА, ДЬЯЧЕНКО, бөлімше агроном-

дары: СОШНИКОВА, КОВАЛЕНКО, трак-

торшылар: БОЦМАН, КОВАЛЕНКО, ПО-

РОТИКОВ, КАТВИЦКИЙ, СОБОЛЕВ-

СКИЙ, МИНЕВИЧ, СВИНЦИЦКИЙ, МА-

ХАМБЕТОВ, БОГИНСКИЙ, ПОБИЦКАЯ,

МУЗЫКО, АНДРЕЕВ, ДОРОГОЙ, ПА-

ШЕНКО, комбайншылар: БАБКИН,

БЕЙСЕНБАЕВ, КОРОБКО, слесарьлар:

ПОЛЕЖАЙ, ГРУЗИНОВ, ГАББАСОВ,

токарьлар: ТЮЛЕНОВА, МОШКИН, ар-

матуршылар: КОЛМАКОВА, үлгі құюшы

лар: МУРАВСКАЯ, НИКЕВИЧ, ШАН-

ДЖЕВА, егін шаруашылығы қызмет-

керлері: КОРНОВ, САЛТАМОНОВ, ВАЛЕН

СКИЙ, товарлы сүт фермасының зоо-

техникі: ШЕМЯКИН, жылқы фермасы-

ның меңгерушілері: ПОПОЛЬ, жұмыс-

шылар комитетінің председатели ИВА-

НОВА, комсомол ұйымының секретарі

ГРИДИСТОВА, сауыншылар: ПРОДОВ-

СКАЯ, КИНУС, бұзау, құтушілер: МИ-

ХАЛЬЧУК, ДЕРМОВСКАЯ, ЗАКРАЕВ-

СКАЯ тағы басқалар.

Барлығы 150 адам қол қойған.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.

Қазақстанның 20 жылдығы атындағы қолөнершілер артельне түпкілікті жұмысқа шетке жасайтын цехтың шебері КЕРЕК. Еңбек ақы келісім бойынша төленеді.

Адрес: Петропавл қаласы Пушкин көшесі, 28-үй. Телефон № 0-92.

Қазақстан аптек Басқармасының Петропавл қаласындағы № 3 аптекесінің мөрі жоғалды. Бұдан былай қарай бұл мөрдің күші жоқ деп есептелсін.

Қазақстанның 10 жылдығы атындағы мүгедектер артельне кассир-секретарь, үйге жұмыс алып істейтін жұмысшылар тағы басқа көмекші жұмысшылар КЕРЕК.